

ТАҚЫРЫП-8. ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУШІ СУБЪЕКТИЛЕР ҚАРЖЫСЫ

Мазмұны:

8.1. Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының ұғымы, функциялары және негізгі белгілері және сыныптамасы.

8.2. Негізгі ұйымдық құқықтық нысандарының шаруашылық жүргізуші субъектілері қаржысының ерекшеліктері

8.3. Коммерциялық шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысын ұйымдастырудың негіздері.

8.4. Коммерциялық шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы қорлары, оларды қалыптастыру мен пайдаланудың негіздері.

8.5. Өндірістік капиталдар және кәсіпорындар қызметінің қаржылық нәтижелері.

8.6. Коммерциялық емес ұйымдар мен мекемелер қаржысының мазмұны және оны ұйымдастыру

Негізгі ұғымдар:

- Шаруашылық жүргізуші субъектілер
- Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысы
- Коммерциялық ұйымдар мен мекемелер қаржысы
- Коммерциялық емес ұйымдар қаржысы

***Мақсаты:** шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысын және олардың қаржылық ресурстарын, сондай-ақ мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржысын ұйымдастыру негіздерін оқу.*

8.1. Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының ұғымы, функциялары және негізгі белгілері және сыныптамасы.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы — бірыңғай қаржы жүйесінің құрамды бөлігі және айырықша сферасы болып табылады, оның орталықтандырылмаған бөлігін құрайды, материалдық және материалдық емес игіліктер жасалатын және елдің қаржы ресурстарының негізгі бөлігі қалыптасатын қоғамдық өндірістің басты буынына қызмет көрсетеді. Елдегі ақша қатынастарының аса маңызды сферасын, атап айтқанда, жасалатын қоғамдық өнімді, ұлттық табысты және ұлттық байлықты - халықтың қажеттіліктерін, өндірістік емес сфераның материалдық шығындарын қамтамасыз етудің көздерін алғашқы бөлуді қамтитындықтан бұл буынның қаржысы *қаржылардың негізгі, бастапқы бөлігі* болып табылады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысы өзіне қоғамдық пайдалы қызметтің сан алуан сфераларындағы өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, көлік, жабдықтау-өткізу (делдалдық), сауда, дайындау, геологиялық барлау, жобалау қызметін, халыққа тұрмыстық қызмет көрсетуді, байланысты, тұрғын үй-коммуналдық қызметтерін, түрлі қаржы, кредит, сақтық, ғылыми, білім, медицина, ақпарат, маркетинг және басқа қызметті жүзеге асыратын *кәсіпорындардың, фирмалардың, қосамдардың, концерндердің, ассоциациялардың, салалық министрліктер мен басқа шаруашылық органдардың, шаруашылықаралық, салааралық, кооперативтік ұйымдардың, мекемелердің* қаржыларын кіріктіреді.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысы жалпы қаржылар сияқты бөлу және бақылау функцияларын орындайды.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының *бөлу функциясының* ерекшелігі қаражаттардың жеке-дара ауыспалы айналымының процесінде өндірілген өнімнің құны белгіленген экономикалық нормативтер (салық мөлшерлемелері, амортизациялық аударымдардың нормалары, несие үшін пайыз) негізінде бөлінетігінде болып отыр, мұның өзі қаржының ұдайы өндіріс процесінде құнды бөлу және қайта белуге қатысуын айқындайды.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының *бақылау функциясы* кәсіпорын экономикасында маңызды рол атқарады: есепсіз және бақылаусыз шаруашылық жүргізуге

болмайды. Ақшамен бақылау тек шаруашылық жүргізуші субъектілердің ішінде ғана емес, сонымен бірге оның басқа субъектілерімен, жоғарғы ұйымдармен және қаржы-кредит мекемелерімен өзара қарым-қатынастарында да жүзеге асырылады. Субъектілер арасындағы өзара қатынастарда бақылау жеткізілім тауарларға, көрсетілген қызметтерге және орындалған жұмыстарға ақы төлеу кезінде болады. Қаржы-кредит органдарымен өзара іс-әрекет кезінде бақылау бюджет алдындағы міндеттемелердің орындалуы кезінде, банк несиелерін алған және қайтарған кезде жүзеге асырылады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысына, *негізгі белгілерді* атауға болады:

1) *қаржы қатынастарының көпқырлылығы*, олардың нысандары мен мақсатты арналымының сан алуандығы;

2) *өндірістік құралдардың (капиталдардың)* міндетті болуы және оларды қалыптастырумен, көбейтумен және қайта бөлумен байланысты қатынастардың пайда болуы. Өндірістік капиталдар — бұл өндірістің серпінді элементі, олар өндірістің өзі сияқты үздіксіз қозғалыста болады; сонымен қатар құн нысандарының тұрақты ауысымы болып отырады. Кәсіпорын қызметінің кез келген мезетінде өндірістік құралдар материалдық-заттай және ақша нысанында болуы мүмкін;

3) жоғары *белсенділік*, шаруашылық қызметінің барлық жағына әсер ету мүмкіндігі;

4) шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы бүкіл қаржы жүйесінің *айқындаушы* негізі болып табылады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы деп өнім (жұмыс, қызметтер көрсету) өндіріп, сату кезінде ақшалай табыстарды, қорланымдарды және қорларды жасаумен, бөлумен және пайдаланумен байланысты экономикалық қатынастарды айтады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер — кәсіпорындар мен ұйымдар (фирмалар, компаниялар, фермер шаруашылығы, шаруашылық, серіктестіктері, ассоциациялар (бірлестіктер), ұлттық компаниялар және басқалары), мекемелер әр түрлі белгілері бойынша сыныпталады және оларды не ол, не бұл түрі бойынша айырудың негіздемелері қаржыны ұйымдастырудың сипатына елеулі әсер етуі мүмкін

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің *қызметінің сфералары бойынша* қызметтің материалдық сферасы және өндірістік емес сфера қызметі болып бөлінеді.

Қызметтің материалдық сферасы- кәсіпорындары бүкіл қоғамның тіршілік әрекетінің негізі болып табылатын материалдық өнімдер мен игіліктерді жасайды. Ал, өндірістік емес сфера қызметі- нәтижелі қызметтердің нысанын қабылдайды, қызметтерді жасаудың процесі, әдеттегідей, оларды тұтыну процесімен тоқайласады, яғни олар қордалауға, сақтауға жатпайды.

Өндірістің түрлері бойынша тауарлар, жұмыстар мен қызметтер болып бөлінеді. Бұл дегеніміз қаржы қорларының қозғалыс кезінде қаржы нәтижелерін қалыптастыру, қорланымдарды, табыстарды немес пайданы бөлу және пайдалану кезінде де әсерін тигізеді. *Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылық қызметінің сипаты бойынша коммерциялық және коммерциялық емес қызметі болып бөлінеді. Коммерциялық ұйым*-болып табылатын заңды тұлға мемлекеттік кәсіпорын, шаруашылық серіктестігі, өндірістік кооператив нысандарында құрылуы мүмкін. *Коммерциялық емес ұйым*- болып табылатын заңды тұлға мекеме, қоғамдық бірлестік, тұтыну кооперативі, қоғамдық қор, діни бірлестік нысанында және заң құжаттарында көзделген өзге де нысанда құрылуы мүмкін және ол кәсіпкерлік қызметпен өзінің жарғылық мақсаттарына сай келуіне қарай ғана айналыса алады. Сыныптаудың бұл белгісінде қатысты қаржыны ұйымдастыру қызметті қамтамасыз етудің түрлі қағидаларына: коммерциялық есепке немесе белгілі бір деңгейде шаруашылық жүргізуші субъектілердің қажеттіліктерін жабатын бюджеттік қаржыландыруға есептелген. *Коммерциялық қызметтің басты мақсаты табыс алу болып табылады.*

Заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасында меншіктің 2 нысаны қабылданған: *жеке меншік және мемлекеттік меншік*. Жеке меншік азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен олардың бірлестіктері ретінде болады, жеке меншік айырықша түрі ретіне қоғамдық ұйымдардың меншігі болады. Мемлекеттік меншік республикалық және коммуналдық меншік болып ажыратылады.

Ұйымдық-құқықтық түрлер бойынша: шаруашылық серіктестіктер, мемлекеттік

кооперативтік, қоғамдық ұйымдар және өндірістік емес сфераның ұйымдары мен мекемелері болып бөлінеді.

8.2. Негізгі ұйымдық құқықтық нысандарының шаруашылық жүргізуші субъектілері қаржысының ерекшеліктері

Кәсіпорын экономиканың негізгі буыны ретінде меншік нысандары мен шаруашылық жүргізудің әр алуандығы, тауар-ақша қатынастары мен рыноктың дамуы кезінде жұмыс істейді.

Кәсіпорындарды ұйымдық-құқықтық нысандары бойынша межелілеу олардың қаржысын ұйымдастырудағы айырмашылықтарға: капиталдың қалыптасуына, өндірістік-шаруашынык қызметін қаржыландыруға, шаруашылықты жүргізудің нәтижелеріне әкеп соғады.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық серіктестіктері туралы" заң күші бар жарлығына сәйкес *шаруашылық серіктестігі* — жарғылық капиталы құрылтайшылардың (қатысушылардың) салымдарына (үлесіне) бөлінген, өз қызметінің негізгі мақсаты пайда түсіру деп есептелетін және заңды тұлға болып табылатын коммерциялық ұйым.

8.3. Коммерциялық шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысын ұйымдастырудың негіздері.

Коммерциялық кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысы деп- өндірістік капиталдарды қалыптастыру, өнім өндіріп, оны өткізу, меншікті қаржы ресурстарын жасау, қаржыландырудың сыртқы көздерін тарту, оларды бөлу және пайдалану процесіндегі экономикалық қатынастарды айтады.

Коммерциялық кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысын ұйымдастыру *белгілі бір қағидаларға негізделген: коммерциялық шаруашылық есеп* (қаржылық қызмет саласындағы дербестік, өзін-өзі өтеу, өзін-өзі қаржыландыру, қаржы –шаруашылық қызметінің қорытындысына ынталылық, оның нәтижелері үшін жауаптылық, кәсіпорынның қызметіне бақылау жасау): жоспарлылық; меншіктің барлық нысандарының теңдігі; қаржы резервтерінің болуы.

Коммерциялық есеп- кәсіпорындар мен ұйымдардың шаруашылық- қаржы қызметін жүргізудің негізге алынатын қағиданы және басты әдіс болып табылады. Коммерциялық есеп қағидасы кәсіпорынға оның қызметі үшін, оның жарғылық капиталын құрайтын қажетті негізгі және айналым құралдары тұрақты пайдалануға бөліп берілетінін білдіреді. Коммерциялық есептің өзіндік ерекшелігі мынада:

- шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылық тәуелсіздігі болады.
- қаржы қатынастары мемлекет тарапынан болатын майда реттемелеуден бос болады.
- Қаржы қатынастары субъектілерінің жұмыстың нақты нәтижелері және міндеттемелердің уактылы орындалуы үшін нақтылы экономикалық жауапкершілігі болады.
- Коммерциялық есеп жағдайында шаруашылық жүргізуші субъектілердің банктермен, сақтық ұйымдармен және мемлекетпен көптеген өзара қарым-қатынастарға қалыптасады.

Өзін-өзі өтеушілік – шаруашылық жүргізудің негіз қалаушы қағидасы, ол кәсіпорынның өз өнімін өткізуден түсетін түсім-ақша еседінен оны өндіру және жеткізілу жөніндегі бүкіл шығындарды өтеуді білдіреді. Өзін -өзі өтеушіліктің төменгі шегі-залалсыздық, яғни кірістер мен шығыстардың сандық теңдігі.

Өзін -өзі қаржыландыру- нарықтық экономика жағдайында кәсіпорындардың шаруашылық қызметінің табысты болуының міндетті шарты. Өзін-өзі қаржыландыру кәсіпорындардың толық қаржы дербестігімен және жауапкершілігімен тығыз байланысты.

1. Жоспарлық қағидасы –кәсіпорынның қаржылық қызметі өндірістің мақсаттарына, міндеттеріне, оларға жетудің белгіленген әдістеріне жетудің дәйектілігі мен мезгіліне қарай оның параметрлерін есептеу арқылы алдын-ала қарастырылатынын білдіреді.
2. Меншігінің барлық нысандарының теңдігі қағидасы- кәсіпорындар мен ұйымдар қатынастардың тұрақтылығы мен меншіктің түрлі нысандары- мемлекеттік, жеке меншік, шетел мемлекеттерінің және олардың заңды ұйымдары мен азаматтарының,

халықаралық ұйымдардың нысандары дамуының мемлекет кепілдігінде жүзеге асырылады.

3. Қаржы резервтерінің болуы қағидасы- қаржы резервтерінің әдістермен өндірістік және әлеуметтік қорлардың мөлшеріне пайызбен, пайда немес табыстан тұрақты нормативтер бойынша аударымдар арқылы жасалуы мүмкін.

8.4. Коммерциялық шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы қорлары, оларды қалыптастыру мен пайдаланудың негіздері.

Шаруашылық –қаржы қызметі процесінде кәсіпорын мен ұйымдар қаржы қорларын белгілі бір мақсаттарға арналған ақша қаражаттарын қалыптастырып, пайдаланады. Қорлардағы ақша қаражаттары үнемі қозғалыста болады: түседі, қорлаланады, жұмсалады. Кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмыс істеуі үшін неғұрлым елеулілері мен маңыздылары мына қорлар болып табылады: жарғылық, резервтік капиталдар, қорлану қоры, тұтыну қоры, еңбекке ақы төлеу қоры, валюталық, жөндеу қорлары.

Жарғылық капитал- мемлекет, басқа меншік иесі немесе құрылтайшы берген кәсіпорын мүлкінің мөлшерін сипаттап көрсетеді және алғашқыда, шаруашылық жүргізуші субъектілерді құрғанда өндірістік капиталды, материалдық емес активтерді, айналым құралдарын сатып алудың көзі болып табылады. Оның қаражаттары есебінен кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға қажетті жағдайлар жасалады.

Кәсіпорындардың қарамағында қалатын қаражаттардың негізінде, яғни салықтар мен басқа да төлемдерді төлегеннен кейін кәсіпорындар мен ұйымдар кешенді қорларды- *тұтыну қоры мен қорлану қорын* құрады.

Тұтыну қоры мыналарды кіргізеді.- бүкіл қызметкердің (өндірістік және өндірістік емес) еңбегіне ақы төлеу шығындары; ақшалай төлемдер, соның ішінде жылдың қорытындысы бойынша сыйақылар; еңбегі үшін ынталандырудың басқа түрлеріне жіберілетін ақша және натуралдық нысандардағы қаражаттар; материалдық көмек; еңбек және әлеуметтік жеңілдіктерді белгілеуге жұмсалатын қаражаттар; қызметкерлердің акциялары мен салымдары бойынша мүлікке төленетін табыстар;

Қорлану қоры: кәсіпорынның қарамағында қалатын табыс; негізгі капиталды қалпына келтіруге жұмсалатын амортизациялық аударымдар; шығып қалған мүлікті өткізуден түсім-ақша; банктердің несиелері; басқа да көздер есебінен қалыптасады.

Жөндеу қоры: кәсіпорындарда негізгі капиталдарды жөндеудің барлық түрлерін: күрделі, орташа, ағымдағы түрлерін жүргізу үшін жасалады, олар өнімнің, жұмыстар мен қызметтер көрсетудің өзіндік құны есебінен қаржыландырылады.

8.5. Өндірістік капиталдар және кәсіпорындар қызметінің қаржылық нәтижелері.

Кәсіпорындардың өндірістік және коммерциялық қызметі негізгі өндірістік капиталдарды- негізгі және айналым капиталдарын пайдаланумен байланысты болады. Өндірістік капиталдардың бұлай бөлінуі олардың айналымының сипатымен және дайын өнімді жасаудағы қатысуының нысанымен байланысты. Негізгі өндірістік капиталдар мен материалдық емес активтер өндіріс процесінде ұзақ уақыт бойы қатысады және өзінің құнын біртіндеп, бөліп-бөліп төзығына қарай жаңа өнімнің құнына көшіреді. Көшу процесін амортизация, көшірілген құнның үлесін амортизация нормасы, ал бұл үлестің ақшалай көріністің амортизациялық аударымдар деп атайды.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншікті қаражаттарының құрылтайшылардың алғашқы жарналары, амортизациялық аударымдар және таза табыс жатады. Алғашқы шаруашылық жүргізуші субъектілерді құрған кезде өндірістік капиталдары, материалдық емес активтерді, айналым құралдарын сатып алудың көзі *жарғылық капитал* болып табылады.

Мемлекеттік кәсіпорындарда өндіріске жұмсалған инвестициялардың *бастапқы көзі* қызметін бюджет қаражаттары мен орталықтандырылған бюджеттен тыс қорлар, ал мемлекеттік емес кәсіпорындарда акционерлік капитал атқарады.

Тартылған қаржылай қаражаттар акцияларды орналастырудан, еңбек ұжымы мүшелерінің, заңды және жеке тұлғалардың жарналарынан алынған ақшаны қамтиды. *Қарыз қаражаттарына*

коммерциялық банктердің ұзақ мерзімді несиелері, негізгі капиталдарды қаржы лизингі негізінде сатып алу және инвестициялық салық несиесі жатады.

Өндірістік капиталдардың қалыптасуы кәсіпкерлік қызмет бастауының объективті алғышарты болып табылады. Бұл қыюметтің нәтижелері дайын өнім нысанында көрінеді. Өндірістік капиталды пайдаланудың нәтижесі ранайы қаржылық көрсеткіштермен сипатталады және кәсіпорынның қаржы менеджментінің нәтижелігін дәлелдейді. Бұл нәтижелік өнімді (жұмысты, қызметті) өткізуден түскен табыс (түсім-ақша) мөлшерінде, кәсіпорынның шығынында айқындайды.

Өнім өткізуден алынған табыс пен оның өзіндік құны арасындағы айырым *жалпы табысты құрайды*. Өзіндік құн бүкіл шығыстарды қамтып көрсетпейді- олардың бір бөлігі кезең шығыстарын құрайды, атап айтсақ;

- жалпы және әкімшілік шығыстары
- өткізуге байланысты шығыстар
- сыйақыны пайыздарды төлеу бойынша шығыстар.

Жалпы табыс пен кезең шығыстары арасындағы айырым негізгі қызмет бойынша сальдоланылған қаржылық нәтижені қамтып көрсетеді және *негізгі қызметтен алынған табыс деп аталады*.

Негізгі емес қызметтен алынған табыс- активтерді пайдалануға беруден, бағалы қағаздарды қайта бағалаудан және т.с.с алынған қаржылық нәтиже.

Негізгі қызметтен алынған табыс пен негізгі емес қызметтен алынған табыстың сомасы *салық салынғанға дейінгі кәдуілгі қызметтен алынған табысты көрсетеді*.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы шаруашылық қызметінің нәтижелері жеке көрсеткіштер бойынша тиісті есепте қамтып көрсетіледі. Бұдан басқа ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп жасалады, онда бұл қозғалыс *үш бағыт* бойынша көрсетіледі.

- операциялық қызметтен (шаруашылық жүргізуші субъектінің негізгі қызметін сипаттайды)
- инвестициялық қызметтен(ұзақ мерзімді активтердің құрамы мен мөлшеріндегі өзгерістерді тудыратын)
- қаржылық қызметтен (меншікті капитал мен қарыз қаражаттарының құрамы мен мөлшеріндегі өзгерістерді тудыратын).

8.6. Коммерциялық емес ұйымдар мен мекемелер қаржысының мазмұны және оны ұйымдастыру.

Өндірістік емес сферада коммерциялық негізде қызмет ететін тұрғын үй-коммуналдық және тұрмыстық қызмет көрсету, сақтандыру, банк және басқа кәсіпорындарымен қатар, коммерциялық емес қызметжүргізетін ұйымдардың үлкен бөлігі жұмыс істейді. Кіріс түсіру негізгі мақсаты болып табылмайтын және алынған таза табысты қатысушылар арасында бөлмкйтін заңды тұлға *коммерциялық емес деп атайды*. Коммерциялық емес ұйымдар туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес коммерциялық емес ұйымдар әлеуметтік, мәдени, ғылыми, білім беру, қайырылымдылық, басқару мақсаттарына қол жеткізу. Коммерциялық емес ұйымдар қызметінің мақсаттары құрылтай құжаттарымен айқындалады. Коммерциялық емес ұйымдар мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғам, тұтыну кооперативі, қор, діни бірлестік, қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалардың бірлестігі нысанында және заңнамалық актілерде көзделген өзге де нысанда құрылуы мүмкін.Бұл ұйымдардың қызметінің мақсаты – пайда немес табыс табу емес, керісінше *қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру болып табылады*.

Коммерциялық емес ұйымдардың қаржысы деп- материалдық емес игіліктер мен қызметтерді жасау мақсатына материалдық өндіріс салаларында жасалған ұлттық табысты қайта бөлу нәтижесінде құрылатын ақша қорларының қозғалысын орталықтандыратын ақша қатынастарының жиынтығын түсінеді.

Коммерциялық емес ұйымдардың қаржысын ұйымдастыруға негізінен олардың ұйымдық— құқықтық нысандары әсер етеді. Коммерциялық емес ұйымдардың шаруашылық қызметін жүргізудің әдістері:

- сметалық қаржыландыру
- шарушылық есеп

- өзін-өзі өтеу негіздері

1. Сметалық қаржыландыру- меншікті табыстары жоқ ұйымдар мен мекемелердің шығыстарын жабу үшін мемлекеттік бюджеттен ақша қаражаттарын беру. Өндірістік емес мекемелерді ұстауға жұмсалатын бюджеттен қаржы бөлудің көлемі, мақсатты бағыты және оны бөлу шығыстарының сметасымен анықталады. Сметалық қаржыландыру бюджеттің қаражаттарын пайдалануды қатаң қадағалайды, тек баптардың белгілі бір шеңбері тұрғысында ғана оларды қайта бөлуге шамалы мүмкіндіктер береді. Бюджет қаражаттарын жұмсауға мекемелерді қаржыландыруды жүзеге асыратын қаржы органдары тарапынан бақылау қойылған.

2. Шаруашылық жүргізудің шаруашылық – коммерциялық есебі – шығындарды материалдық емес қызметтер көрсету мен игіліктерді сатудан түскен түсім-ақшадан өтелетін мекемелер мен ұйымдарда қолданылады. Бұл ұйымдардың қызметтері ақыға көрсетіледі. Бұларға ақылы негізде жұмыс істейтін білім беру мен денсаулық сақтау, мекемелері, салалық ғылыми-зерттеу институттары, бірқатар шығармашылық мекемелері, ойын-сауық орындарға жатады.

3. Шығындардың өзін-өзі өтеу әдісі- ақылы қызмет негізіндегі шаруашылық қызметін ұйымдастыруды қарастырады, бұл қызметтердің бағасы қорланымсыз шығыстардың көлеміне қатысты анықталады. Бұл әдіс мәдени-ағарту қызметі, бос уақытты ұйымдастыру саласында қолданылады.

Коммерциялық емес ұйымдар қызметін қаржыландыру көздері әр түрлі болып келеді. Оларды бұл құрылымдардың іс-әрекет етуіне, мемлекеттің қатысу дәрежесіне қарай топтастыруға болады:

- бюджет қаражаттары
- мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар
- жаппай шараларға билеттер сатудан алынған қаражаттарды қоса, өнім өткізуден түскен түсім-ақша.
- Түрлі коммерциялық құрылымдардың ақшалай аударымдары, келімшарттарға сәйкес орындалған жұмыстар мен қызметтер көрсеткені үшін түскен қаражат түсімдері.
- Мүлікті жалға беруден түскен түсім-ақша
- халықтың қаражаттары
- кадрларды дайындаудан түскен табыс және басқалары.

Коммерциялық емес ұйымдарды қаржыландырудың маңызы жағынан *екінші көзі* көрсетілген қызметтерден, орындалатын жұмыстардан алатын табыстары түріндегі меншікті қаражаттары, сондай-ақ ведомстваға қарасты кәсіпорындарда өнім өндіруден алынған жалпы табыс ұйымның меншігіндегі басқа мүлікті пайдаланудан түскен табыстар болып табылады. Қаржыландырудың *үшінші көзі* – банктердің кредиттері. Бұл көзді ақыда қызмет көрсететін ұйымдардың пайдалануы мүмкін, өйткені қарыз қаражаттарын қайтарудың қажеттігі ұйымның кредитті пайдалану уақытынан асып түсетін мерзімі бойынша жақсы жолға қойылған, бірқалыпты жұмыс істеуін керек етеді. Қаржыландырудың бұл әдісі- кредит қаражаттарының қамтамасыз етілуі мен өтемділігін кепілдендіретін әдіс ретінде, қарамағында ведомстваға қарасты кәсіпорындары бар ұйымдар үшін аса қолайлы болып келеді.

Қаржыландырудың аталған көздері коммерциялық емес қызмет ұйымдары мен мекемелерінің ақша қаражаттарын әр түрлі үйлесімдерде және аталған көздердің толық жинақталымында қалыптастырады.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысын ұйымдастыру және олардың қаржылық ресурстары.
- 2 Меншіктің әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандарындағы шаруашылық жүргізуші субъектілерді қаржыландырудың ерекшеліктері.
- 3 Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы ресурстары мен қорлары, олардың қалыптасу принциптері.
- 4 Капитал қозғалысының қаржылық аспектілері (негізгі және айналымдағы өндірістік қорлар).
- 5 Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылық ресурстарының қалыптасу көздерінің құрамы және оларды пайдалану.
- 6 Қаржы ресурстарының көздері мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызмет

нәтижелерінің өзара байланысы.

7 Жаңарту және инновациялық технологияларды енгізу негізінде қаржы ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру.

8 Мемлекет және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржысын ұйымдастыру.

9 Субъектілерді қаржыландыру көздері: мемлекеттік кәсіпорындар, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, мемлекет қатысатын кәсіпорындар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және басқа да заңды тұлғалар.

Әдебиеттер:

1. Қ.Мырзабекқызы, А.Болганбаев. Қаржы теориясы. Шымкент: Асель. 2021
2. Г. Азретбергенова. Қаржы I, оқу - әдістемелік құралы, Түркістан 2020,
3. Г.Азретбергенова. Введение в финансы, Учебно-методическое пособие, Түркістан 2020,
4. Р.Серкебаева., Р.Смагулова. Финансы, Учебник. МОН РК, Ассоциация вузов РК. - Алматы: BOOKPRINT, 2014.
5. С.Құлпыбаев. Қаржы. Оқулық. Алматы: Экономика, 2015ж.